

**Астана қаласы әкімдігінің "№ 4 қалалық емхана" ШЖҚ МКК  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау  
мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс шараларын жүргізу туралы  
хаттама**

Астана қаласы                    2023 жылғы қазан, қараша кезеңі

**Күн тәртібі:**

«Сыбайлас жемқорлыққа, заңсыз сыйақыға және коммерциялық парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі нұсқаулықпен» таныстыру

Өткізілген іс-шаралардың қорытындысы

Күні мен уақыты: 10.10.2023 ж сағат 10:00-де

Өтетін орны: Астана қаласы әкімдігінің «№4 қалалық емханасы» ПВХ жанындағы МКК. Қатысқандар: 146 адам (қосымшаға сәйкес)

Күні мен уақыты: 16.10.2023 ж сағат 10:00-де

Өтетін орны: Астана қаласы әкімдігінің «№4 қалалық емханасы» ПВХ жанындағы МКК. Қатысқандар: 43 адам (қосымшаға сәйкес)

Күні мен уақыты: қазан, қараша, желтоқсан

Өткізілетін орны: Астана қаласы әкімдігінің «№4 қалалық емханасы» ПВХ жанындағы МКК, 417 каб. Қатысқандар: 14 адам (қосымшаға сәйкес)

Комплаенс офицер: Г.А. Альжанова "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 – V Заңының нормаларын қамтамасыз ету және сақтау мақсатында Астана қаласы әкімдігінің "№4 қалалық емхана" ШЖҚ МКК (бұдан әрі-Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі нормативтік құжаттардың бекітілгенін хабарлады:

- 1) Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар туралы ереже ("Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат");
- 2) Кәсіпорындағы лауазымды адамдар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығысын реттеу қағидалары;
- 3) Кәсіпорындағы корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі;
- 4) Кәсіпорында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңсыз сыйақы және коммерциялық пара беру жөніндегі нұсқаулық;
- 5) Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже;
- 6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

Жоғарыда көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі нормативтік құжаттар кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастырылған, сондай-ақ кәсіпорын қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

Бұл құжаттарды қабылдаудың мақсаты сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде адалдық пен сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін кәсіпорынның барлық қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

**«Сыбайлас жемқорлыққа, заңсыз сыйақыға және коммерциялық парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі нұсқаулық» слайдының көрсетілімі**

1. Слайдтардың мазмұнын түсіндіру
2. Негізгі ойларды көрсету

**Сіздің міндеттеріңіз:**

1. Сыбайлас жемқорлық Жолдауымен/субтекстімен ұсыныс алған жағдайда өзінің тікелей және(немесе) бірінші басшысын және(немесе) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органды дереу жазбаша нысанда хабардар ету, оның ішінде қолда бар материалдарды қоса бере отырып, "1424" Call-орталығына немесе "Е-өтініш" (ЭЦҚ қажет) арқылы жүгіну қажет (скриншоттар, корреспонденциялар, аудио, бейне жазбалар және т.б.).

2. Сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылық туралы хабарлау нысандарының бірі анонимді өтініш болып табылады. Алайда, бұл жағдайда өтініш беруші анонимділікке байланысты жауап пен материалдық сыйақы алуға сене алмайды. Бұдан басқа, мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер қамтылған жағдайларды қоспағанда, қылмыс туралы анонимді өтініштің өзі қылмыстық іс қозғауға себеп бола алмайды.

3. Параны бопсалау, заңсыз сыйақы, коммерциялық пара беру жағдайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға "1424" Call-орталығына немесе "Е-өтініш" (ЭЦҚ қажет) арқылы жүгіну, сондай-ақ бұл туралы басшылыққа хабарлау қажет.

4. Қызметкер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға не сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-қимыл (әрекетсіздік) мәселелері жөніндегі басшылыққа жүгінген жағдайда, басшылық ҚР заңнамасында көзделген оның құқықтарын қорғау, оның ішінде оны қорқытудан, ұжымдағы моббингтен шектеу жөнінде өзге де ақылға қонымды шаралар қабылдауға тиіс.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу мақсатында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңда және ҚР заңнамасында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды іске асыру (орындау) қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін бірінші басшы дербес жауапты болады.

6. Сыбайлас жемқорлық субъектісіне не оның жақын туыстары мен жекжаттарына оның хабарынсыз сыйлықтар түскен жағдайда, сондай-ақ ол тиісті функцияларды орындауға байланысты алған сыйлықтар сыйлық алған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде не сыбайлас жемқорлық субъектісіне келіп түскен сыйлық туралы белгілі болған күннен бастап мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтесіз берілуге тиіс, ал сыбайлас жемқорлық субъектісіне дәл осындай жағдайларда көрсетілген қызметтер қызмет көрсетілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде не мемлекеттік қызметшіге қызмет көрсету туралы белгілі болған күннен бастап республикалық бюджетке ақша аудару жолымен төленуге тиіс.

**Кеңес қорытындысы бойынша келесі хаттамалық шешімдер мен тапсырмалар қабылданды:**

1. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі құжаттардың талаптарын адал ұстануға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды бекітуге міндетті.

2. Жұмыс процесін, ЖҰӨ, стандарттарды қатаң сақтау қажет.

- COMPLAINT OFFICER



Альжанова Г.А.